

«Сейфуллин окулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II - Б. 49-52

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАУЫН ШЫБЫНЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

Тажмаханова Н.

Қазақстан Республикасының елбасы Қ.К.Тоқаев өз жолдауында «Ауыл шаруашылығы – біздің ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отырғандығын, ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар екендігін, сондай-ақ, суармалы жер көлемін кезең-кезеңімен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайту қажеттігін» баса назарға алып айта кетті [1].

Ауылшаруашылығы дақылдарының, оның ішінде бақша дақылдарының өнімділігін арттырудың алғы шарттарының бірі егістікті зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден тазарту саналады.

Бақша шаруашылығы өндірісі алдына қойылып отырған негізгі маңызды мақсат-бақша дақылдары өнімдерімен тәуелсіз Қазақстан Республикасының халқын түгелдей қамтамасыз ету.

Қазақстанда 2005 жылдан бастап карантиндік нысан болып есептелетін-қауын шыбынымен күресуге деген қажеттілік туындады. Бұл зиянкес өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты өте қауіпті және жойылуы қиын зиянкестердің бірі болып табылады. Қауын шыбыны өзінің айрықша ерекшеліктерімен көзге түсінетін зиянкес болып табылады. Зияндылығы жағынан, сыртқы морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері бойынша басқа да бақша дақылдарының сорғыш зиянкестерінен ерекшеленіп тұрады. Қауын шыбындары егістік алқаптарда қауынды, қарбызды тесіп, жарамсыз жағдайға жеткізуде [2].

Бүгінгі күнде қауын шыбыны біздің республикамызға карантинді нысан ретінде тізімге енгізілген. Жалпы зиянкестің географиялық таралу аймағы Еуропада Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия мемлекеттері, ал Азияда Үндістан, Палестина, Солтүстік Иран, Ирак, Израиль, Ауғанстан және Өзбекстан мемлекеттері болып табылады [3].

Егін шаруашылығында жоғары өнім алу үшін мәдени өсімдіктерді, жеміс-көкөністерді барлық зиянды ағзалардан таза ұстау - басып міндет болып табылады. Әсіресе, сыртқы карантиндік объектілердің Қазақстан аумағына тарамауын болдырмау, ішкі карантин объектілерінің сандық мөлшерін реттеу, табылған жағдайда карантиндік шараларды қолданып, тиісті орындарға дабыл қағу қажет.

Қазіргі кезде карантиндік зиянды организмдер – жатаған у кекіре, американдық ақ көбелек, қауын шыбыны т.б. республика жеріне

миллиондаған шығын келтіре отырып, шапшаң тарап келеді[2].

Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Қауын шыбыны – *Myiopardalis pardalina* Big, екіқанаттылар тобы, алақанаттылар туыстасына жататын қауіпті зиянкес, ол қауын, қарбыз, қияр мен жалпы мәдени және жабайы асқабақ тұқымдастарына зақым келтіреді. Ғылыми зерттеулердің мәліметтері бойынша ауылшаруашылығы дақылдарына зиян келтіретін шыбындардың 5000-ға тарта түрі бар және олардың кейбіреулері ауа райы ыстық жерлерде кездеседі. Оның ішінде бақша дақылдарының жемістеріне зиян келтіретін 2 түрі бар[4].

Қауын шыбыны бақша дақылдарының барлығына зиянын тигізеді, оның ішінде көбінесе қауын, қарбыз және қиярды зақымдайды. Негізінен, бақша дақылдарына қауын шыбынының дернәсілдері көп зақым келтіреді. Осы дернәсілдер дақылдың етті шырынды қабатымен және ұрығымен қоректенеді. Бақша дақылдарының ішінде қауын шыбынының дернәсілдері 10-15 күн қоректеніп дамиды. Зақымдалған жемістері шіриді және жеуге жарамсыз күйге түседі. Бұдан бөлек осы тәрізді зақымдану өсімдіктің өсіп-дамуын кешеуілдетеді және өнімділікті шамамен 20 пайызға дейін төмендетеді. Қуыршақтан ұшып шыққаннан соң 6-8 күннен кейін шыбындар қауынның жұмсақ жас түйіннің қабығын тесіп жұмыртқа сала бастайды. Бір аналық қауын шыбыны 120-140 дейін жұмыртқа салады [5].

Қолайлы ауа райы жағдайында, атап айтқанда, ауа температурасы орташа 17-22°C құрағанда үш-төрт күннен соң зиянкестің дернәсілдері жемісті жұмсақ балдырына еніп, қоректене отырып, онда көптеген ирек жолдар жасайды. Зақымдалған жемістер жеуге жарамсыз болып қалады және одан жағымсыз иіс шығады [6].

Шыбындарды ерте кезде шығуын анықтау және олардың санының көбею динамикасын феромондық ұстағыштарды жерден 0,8-1 м биіктікте орнату арқылы анықтайды немесе энтомологиялық қаққыштың көмегімен танапты диагоналі бойынша жүріп, 10 рет қағу керек. Қауын шыбынының дернәсілдерін анықтау үшін, маршрутты тексеру тәсілін қолданып, тексеруші күніне 5 га жерді мөлшері бойынша 4 жағын есептей отыра, екі диагональ бойынша жүргізеді. Қауын егістігінде 75-100 метр сайын зақымдалған жемістерді тексеру ұсынылады. Зақымдалған қауындарды сау қауындардан ажырату үшін оның сыртқы белгілеріне, яғни, дернәсіл тескен жолдарына және зақымдалған төмпешіктерге қарап байқауға болады.

Тексеру нәтижесінде акт толтырылады. Залалданған іздері бар өнімге және де анықталған зиянкестерге этикеткалар жабыстырылып, оларды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға немесе карантідік зертханаларға анықтау үшін жөнелтіледі [7].

Негізгі нәтижелері 2019 жылы қауын дақылының қауын шыбынымен зақымдалуына сараптама.

2019 жылы көктем-жаз және жаз-күз айларының ауа райы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында қауын шыбынының толық дамуына, көбеюіне қолайлы жыл болды.

Қауын шыбыны зиянкесіне қарсы зерттеу жұмыстарының I кезеңі 21.06

- 30.07.19 жыл аралығында жүргізілді. Есепті кезеңде 11 ауылдық аймақтың (Алдашбай Ахун, Дауылкөл, Ақжар, Ақтөбе, III Интернационал, Жаңажол, Иіркөл, Жосалы, Қармақшы, Көмекбаев, Қуандария) 430 га және Жосалы кентінің 54 га бақшалығы зерттелінді. Нәтижесінде Алдашбай ахун ауылдық округ «Жаманқұмақ» учаскесі 19,5 га, «Керімбай» учаскесі 8 га, Жосалы ауылдық аумақтың «Ұялы жиде» учаскесі 13 га, «Сортөбе» учаскесі 7 га, «Теңізбай» учаскесі 11 га, Ақтөбе ауылдық аумаққа қарасты «Алмабақ» учаскесі 5 га, «Қырықдамбы» учаскесі 3 га, Иіркөл ауылдық аумаққа қарасты «Жосалы төбесі» 13,7 га, Дауылкөл ауылдық аумаққа қарасты «Байданарық» учаскесі 19га және «Тұрмағамбет» ЖШС №1 бригадасы 4 га. Ақжар ауылдық аумаққа қарасты «Айтыш» учаскесі 4 га, «Дөңбай» учаскесі 7 га, «Алтай құмы» учаскесі 5,8 га, «Қарабөгет» учаскесі 4 га, «Бұланбай» учаскесі 3 га, барлығы 120 га бақшалықтың гүлдену кезеңінде тұрған қауын дақылы карантиндік нысан қауын шыбынымен зақымдалғаны және өңдеуге жататыны анықталып, тиісті орындарға дабыл хабарламалары берілді. Кесте 1- Қармақшы ауданындағы қауын шыбынының таралуы

А/о атауы	Зерттелгені, га		Залалданған , га	Ошақ саны, дана		
	жоспар	нақты		Барлығы	Ескі	Жаңа
Алдашбай ахун	70	70	27,5	2	2	
Дауылкөл	66	66	19	1	1	
Иіркөл	32	32	13,7	1	1	
Жосалы	184	184	31	3	3	
Жосалы кенті	108	108				
Қармақшы	28	28				
Қуандария	40	40				
Барлығы	860	860	120	13	13	

Кестеде зерттелген және залалданған аумақ көлемдері, ондағы қауын шыбынының таралу мөлшері және өңдеу көлемі көрсетілген.

Қорытындылай келе, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы жағдайында қауын шыбынына жалпы 860 гектарға тексеру жұмыстары атқаралып, таралуы 120 гектарды құрайтындығы анықталып, ол 13 жерден байқалып және оларға қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елбасы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Дамыған агроөнеркәсіп кешені» Бесінші тарау.

2. Исабеков Б.Б., Жамкаева М.Е. Оңтүстік Қазақстан облысында карантинді зиянкес қауын шыбынының таралуы және онымен химиялық күресу жолдары //Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының

хабаршысы №10895-Ж, выданное 30.04.2010 г.С – 46-52.

3. Ахметова Ф.С «Бақша шаруашылығы» Алматы 2011 Б:52-74.

4. Тулеева А.К., Жексенбай Б. Ауылшаруашылық энтомология – Астана 20014. 45 б.

5. Бекенова Ш.Ш., Сулейменова З.Ш., Садықов Б.С., Турганбаев Т.А. «Карантин растений», АСТАНА 2017, 28 б.

6. [J. Stonehouse, S.M. Sadeed, A. Harvey and G.S. Haiderzada - Myiopardalis pardalina in Afghanistan, Proceedings of the 7th International Symposium on Fruit Flies of Economic Importance 10—15 September 2006, Salvador, Brazil](#)

7. А.О.Сагитов, В.Е.Камбулин, Е.А.Бадаев, А.С.Динасилов, «Карантин растений», Алматы 2013,256-259 б.

Жетекшісі: Бекенова Ш.Ш., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор